

Жанболат Аупбаев
(1951 жылы 24 желтоқсан
бүгінгі күнге дейін)




Орындаған: Молдабекова Ж
Тексерген: Өзбекова Г

Жанболат Әлиханұлы Аупбаев 1951 жылы 24 желтоқсанда ҚХР-дың Шыңжаң өлкесіндегі Құлжа уәлаятына қарасты Текес елді мекенінде өмірге келген. 1956 жылы атамекені – Қазақстанға қайтып оралды. 1969 жылы Алматы облысының Нарынқол селосындағы орта мектепті бітіреді. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) бітірген. Көптеген танымдық-публицистикалық кітаптардың авторы.

О.Сүлейменовтің, С.Санбаевтың шығармаларын қазақ тіліне аударды, «Қажымұқан мен Қажытай», «Хан тәңірі» деректі кинофильмдерінің әдеби сценарийлерінің авторы. Мақалалары мен очерктері республикалық басылымдарда үзбей жарияланып келеді. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан журналистер одағы сыйлығының, Қазақстан Президентінің журналистика саласындағы сыйлығының және Қазақстан жазушылар одағының халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Қызмет жолындағы аялдамалар

- 1974-1986 жылдары - «Лениншіл жас» республикалық жастар газетінде тәлімгер, кіші әдеби қызметкер, аға тілші, бөлім меңгерушісі.
- 1986-1991 жылдары - «Қазақстан коммунисті» журналының жауапты хатшысы.
- 1991-1996 жылдары - «Халық кеңесі» газеті бас редакторының орынбасары.
- 1996-1998 жылдары - «Ақиқат» журналы бас редакторының бірінші орынбасары.
- 1998-2003 жылдары «Егемен Қазақстан» республикалық жалпыұлттық газеті бас редакторының орынбасары.
- 2003 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ-ның бас редакторы.



- Ж.Ә.Аупбаев – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Кезінде Мәскеудегі «Комсомольская правда», «ТАСС», «АПН» секілді Бүкілодақтық ақпарат көздерінде тәжірибе жинақтаудан өткен ол деректі дүниелер жазумен шұғылданады. Оның «Мынау ғажап дүние» («Жалын», 1983 ж.), «Жанарымда туған жер» («Қайнар», 1984 ж.), «Оққа тосылған отжүрек» («Қазақстан», 1985 ж.), «Сырымды саған айтамын» («Жалын», 1990 ж.), «Ғұмыр – дария» («Санат», 1997 ж.), «Таңғажайып тағдырлар» («Қазақстан», 1998 ж.), «Бізге беймәлім бейнелер» («Елорда», 2000 ж.), «Елім менің ертегі» («Елорда», 2002 ж.), «Өмірге таңдана қара!» («Елорда», 2004 ж.), «Автограф» («Елорда», 2005 ж.), «Таңсәрі мен талтүс» («Елорда», 2007 ж.), «Ашылмаған аралдар» («Қазақстан», 2009 ж.) «Ұлылардың ұрпақтары» («Қазақстан», 2012 ж. атты кітаптары оқырмандардан жақсы баға алып келеді.
- Кәнігі журналистің негізгі тақырыбы – әскери-соғыс тарихындағы тағдыры таңғажайып қазақтар мен бейбіт кезеңдегі өте сирек мамандықты меңгерген қандастарымыздың өмірі және республикамыздағы бұрын көп сөз болмаған табиғат құпиялары. Мұнымен қатар ол тәржіме жасаумен, киносценарий жазумен де табанды түрде айналасып келеді. Оған оның қазақстандық орыс тілді қаламгерлер Олжас Сүлейменов пен Сәтімжан Санбаевтың публицистикалық шығармаларын шебер аударғаны және «Қажымұқан мен Қажытай» («Қазақтелефильм», 1991 ж.), «Хан-Тәңірі» («Қазақтелефильм», 1994 ж.) атты деректі киноленталар сценарийлерінің авторы болғандығы анық дәлел.

Жанболат Аупбаев: «Наша общая задача - пропагандировать творчество писателя Анатолия Иванова среди молодежи»«Свой гражданский долг я выполнил!»- сказал в кратком интервью в Шемонаихе столичный журналист - главный редактор республиканской газеты «Егемен Казахстан» Жанболат Аупбаев, сообщает корреспондент newwress.ru. Аупбаев в сопровождении директора областного предприятия ТОО «Шығыс ақпарат» Нуржана Куантаева прибыл 20 июня в Шемонаиху, чтобы познакомиться с малой родиной писателя Анатолия Иванова, чье творчество почитает еще со студенческих лет. Жанболат Аупбаев: «Наша общая задача - пропагандировать творчество писателя Анатолия Иванова среди молодежи»Жанболат Аупбаев: «Наша общая задача - пропагандировать творчество писателя Анатолия Иванова среди молодежи»В течение дня гости побывали на смотровой площадке у Марьиного утеса, где для них выступили с небольшим концертом шемонаихинские артисты, в районном историко-краеведческом музее для них была устроена ознакомительная экскурсия по залам. Здесь же с отрывком из спектакля «Федор» по произведению А.Иванова «Тени исчезают в полдень» выступили юные участники театральной студии устьталовской школы искусств, а затем гости отбыли в с.Выдриха, где в школьном музее состоялась встреча с земляками писателя. -Я учился в КазГУ, и портрет Иванова, уже известного к тому времени человека, висел в числе других на видном месте,- рассказал в беседе Жанболат Алиханович.- Еще тогда я начал испытывать истинное уважение к его произведениям- мы, поколение тех лет, знали русскую литературу, много читали... Затем, когда произошел развал Союза, мы потеряли связь со многими, но мысль увидеть родину Анатолия Иванова никогда не покидала меня. Я безмерно рад, что такая возможность представилась, спасибо всем, кто сегодня показал мне памятные места на малой родине столь великого писателя, рассказал о нем, дал возможность прикоснуться к истории – увидеть знаменитый утес, полюбоваться музейными экспонатами. Считаю, что я свой гражданский долг выполнил, познакомившись с малой родиной Анатолия Степановича и уверен, что наша общая задача –пропагандировать его творчество среди молодежи, донести до юного поколения важной вот такой связи с прошлым.



- Шетел әдебиетін жақсы игеріпсіз. Ал енді өзіміздің қазақ тілі мен әдебиетіне келгенде шашасына шаң жұқтырмаған жүйрік болғансыз-ау, шамасы...

- Шынымды айтайын ба? Мен университеттің үшінші курсында оқып жүргенде қазақ тілінен "үш" алған студентпін. Дипломға түсетін қорытынды баға еді. Соған ішім әлі күнге дейін удай ашиды. Бұл пәннен журфакта қазір өмірде жоқ, еркек пішіндес, марқұм бір апамыз сабақ беретін. Екі-үш студент сол кісінің қателесіп кеткен жерін жөндейміз деп көзіне түсіп, ұрынып қалдық. Сөйлем талдаған кезде: "Апай, олай емес қой", - дегенбіз. "Онда сен талдай ғой", - деді. Жұлқынып шығып, жіліктеп бердік. "Жарайсың!" дегені есімізде. Бірақ ол кісі кекшіл екен. Бәрін еске сақтап жүрген ғой. Үшінші курстың екінші семестрі. Емтихан тапсыруға келдім. Билет алдым, сұрақтарды жақсы білемін. Менің алдымдағы ересек екі жігіт: "Отбасымыз бар еді, көмір жағатын пәтерде тұрамыз. Орыс кемпір электр жарығына көп рұқсат бермей, әрең дайындалдық", - деп зар жылады. Ол кісі соларға "бес" қойды. Маған кезек келді. Мүдірмей айтып отырмын. Ұстазым қабағын түйді де, сынақ кітапшамды шимайлап, кері ысыра салды. Ашсам, "үш" қойыпты. Аңтарылып бетіне қарадым. "Бар, бара ғой. Сен әлгі білгіш баласың ғой", - деді апамыз ызғарланып. Ол кезде оқытушымен айтысып, ешкім опа таппайды. Кете бардым. Сол жолы "бес" алған жігіттердің біреуі кейін құм тасып, кірпіш құйған құрылысшы бопты деп естимін. Екіншісі әлдеқашан журналистиканы тастап, кәсіпкер болып кеткен. Ал мен... Ана тіліме адал болдым. Олай дейтінім, осы тіл арқылы жазған туындыларыммен халқыма танылдым. Шығармашылығымды өрістетіп, туған тілімде 12 кітап шығардым. Осы қасиетті қазақ тіліммен нанымды адал тауып жеп, ұрпағымды ешкімнен кем қылмай өсіріп келе жатқан жайым бар. Сөйтіп, университет "үштік" баға қойғанымен, өмір, жұмыс, айналадағы орта мені сауатсызсың деген жоқ. Басқаша бағалады. Соған тәубе деймін.

Әңгімелескен Бауыржан ОМАРҰЛЫ.

(Сұхбат «Айқын» газетінен алынды).